


Бекітемін:
 №9 «Бәйтерек» балабақшасы
 директоры:
 Титанова М.У. 
 «31» 08 2020ж

«Жұлдыз» кезекші тобының 2020-2021 оқу жылындағы
 ата-аналар жиналысында қаралатын мәселелер

№	Атқарылатын жұмыстар	Өткізу түрі	Жауапты
1	<p>Қыркүйек</p> <p>1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.</p> <p>2. Баяндама «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ»</p> <p>3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.</p>	<p>Ата-аналар жиналысы (онлайн түрде) Пікірлерін тыңдау.</p>	<p>Тәрбиешілер: Бегимова Н Кузенбаева Г.</p> <p>Әдіскер: Шаңғреева А</p>
2	<p>Желтоқсан</p> <p>1. Баяндама оқыды</p> <p>2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.</p> <p>3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.</p>	<p>I жарты жылдық есеп беру</p>	<p>Тәрбиешілер: Бегимова Н Кузенбаева Г</p> <p>Медбике: Смагулова Ж</p>
3	<p>Мамыр</p> <p>1. Қорытынды. Оқу жыл мезгілінің аяқталуы. Ата-ана комитетінің жылдық есебі.</p> <p>2. Әртүрлі мәселелер</p>	<p>Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беру. Ата-аналар жиналысы.</p>	<p>Тәрбиешілер: Бегимова Н Кузенбаева Г</p> <p>Әдіскер: Ибадуллаева М.Н</p>

№9 «Бәйтерек» бөбекжайы МКҚК-ны
«Жұлдыз» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №1

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 6

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері сөз алды: Әдіскер А. Жетесқызы топтағы ата-аналарды бір-бірімен санымен қатар топ тәрбиешілері мен

Н. Бегимова, Г. Кузенбаевалармен таныстырды. Өз кезегінде атқаратын қызметі ұйыдастырылған оқу қызыметтерінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Н. Бегимова «Бала тәрбиесі-баршаға ортақ» баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар С. Есенова баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстырып ата -аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Сарсенбаева Анар деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиешілер өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Сарсенбаева Анар болсын.

Төрайымы: Бегимова Н.

Хатшы: Кузенбаева

№9 «Бәйтерек» бөбекжайы МКҚК-ны

«Жұлдыз» ересек тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №2

Қатысқаны: 20

Қатыспағаны:6

Себепті:3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама оқыды
2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Н. Бегимова баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Г. Кузенбаева балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Г. Тургамбаева жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға бейлейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:

1. Баяндаманы Г. Тургамбаева оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
3. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы :

Ж. Пернебай

Хатшы:

Г. Тукргамбаева

№9 «Бәйтерек» бөбекжайы МКҚК- ның №6 «Жұлдыз» ересек тобының ата- аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №3

21.05.2021 ж

Қатысқандар:

Әдіскер: Шангреева А.

Топ тәрбиешілері: Бегимова Н. А.

Кузенбаева Г.И.

Ата- аналар: 16

Барлығы: 18

Күн тәртібінде:

1. Қорытынды. Оқу жыл мезгілінің аяқталуы. Ата- аналар комитетінің жылдық есебі.

Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Ата- ана комитеті Исберген Гаухар өзінің жылдық есебін берді. Ата- аналардың жыл бойына балабақшада өткен іс – шараларға белсене қатысып, балаларды дайындап, балабақшамен тығыз байланыста болғанын мақтанышпен айтты. Барлық ата- аналарға алғысын білдірді.

Тәрбиеші: Кузенбаева Гүлшат тәрбиешілермен ата – аналар арасында өзара қарым – қатынасын жақсарту, ұйымшылдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу.

Бір – біріне жылы лебіздерін білдіру мақсатында. Сонымен қатар ата- аналарды балабақша аясында өткен іс – шаралармен таныстыру. Ата – аналарға отбасында тәрбие беруді сараптаушы жандамасын түсіндіру. Балабақша аясы мен балабақшада атқарылатын іс – шараларға тоқталды. Жыл бойындағы алған жетістіктерімен жеңістері туралы жаңалығымен бөлісті.

Әртүрлі мәселе бойынша: тәрбиеші Бегимова Нүргүл. Жазғы сауықтыру шараларының жұмыс жоспарымен таныстырды. Жазда балалар мектеп секілді демалысқа шықпайды. Сондықтан балабақшада түрлі қызықты көріністер, ертегілер, ойындар, сахналық қойылымдар, серуендерді тәрбиешілер алдын ала жоспарлап қояды. Сол жоспар бойынша іс -

шаралардың орындалуы мен қадағалап отырамын. Асфальт бетіне сурет салу сайысы да ұйымдастырылады. Бассейнге суды толтырып балаларды шомылдырамыз. Мен өзім де балалармен бірге ойнап, бірге күліп, қалай бала болып қалғанымды да білмеймін. Бәріміз жаз айында асыр салып, ойынмен өткіземіз. Жаз мезгілінде күн ыстық болатынын білесіздер, сол себепті балаларды бас киіммен келуі қадағаланса.

Жарыс сөз

Әдіскер: Шангреева Айнұр өз сөзінде ата – аналарға, топ тәрбиешінің жұмысына шығармашылық табыс тілеп алғысын білдірді. Биылғы оқу жылына керемет қызықты, жемісті, жеңісті болғанын айтты. Келесі оқу жылында бұданда жақсы жаңалық күтетінін айтты. Алдағы уақытта да балабақшаның гүлденуіне, өркендеуіне барлығымыз бір ауыздан үлестерін қоса берейік деп аса сеніммен айтты.

Ата – ана: Иманбаева Айгүл өз сөзінде топ тәрбиешілеріне және балабақша ұжымына көп алғыс білдірді, балаларын көзінің қарашығындай сақтап, оларға тәлім – тәрбие беріп жарыстарға қатыстырып жүргендері үшін рахметін айтты, барлық ата – аналар қосылды.

Шешім:

1. Ата – аналардан балалардың жаздық маусымдық киімдерін дұрыс киінуін талап етілсін.
2. Жазғы маусымда бөбекжайда ұйымдастырылатын түрлі қызықты көріністер, ертегілер, ойындар, сахналық қойылымдарға қажетті құралдармен ата- аналар балаларын қамтамасыз талап етілсін.

Әдіскер: _____ Шангреева А.
Хатшы: _____ Бегимова Н.
Тәрбиеші: _____ Кузенбаева Г.

